

## Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдарын, жол ғимараттарын пайдалану ережесін және оларды қорғау тәртібін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 20 сәуір N 316. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.09.05. N 845 қаулысымен

Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдары мен жол ғимараттарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды пайдалану тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы

е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдарын, жол ғимараттарын пайдалану ережесі және оларды қорғау тәртібі бекітілсін (қоса берілп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Көлік құрылышы министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне бекітілген Ереженің орындалуына бақылау жасау міндеттелсін.

3. "Республиканың автомобиль жолдарының жайы және оларды жөндеу мен күтіп ұстауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 жылғы 30 маусымдағы N 339 қаулысы 7-тармағының (Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., N 14, 67-ст., күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 20 сәуірдегі  
N 316 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында  
автомобиль жолдарын, жол ғимараттарын  
пайдалану ережесі және оларды қорғау  
ТӘРТІБІ

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ережелер автомобиль жолдары мен жол ғимараттарының күтіп ұсталуын және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оларды пайдалану тәртібін белгілейді. Ереже барлық министрліктер мен ведомстволарға, кәсіпорындар мен мекемелерге, сондай-ақ жол қозғалысына қатысушылардың, жүргізушилердің және оларды пайдаланатын, бөлінген автомобиль жолдары тілкемі шегінде құрылыш және жөндеу жұмысын жүргізетін азаматтардың бәріне қолданылады.

2. Ереже автомобиль жолдарын пайдаланушылардың, жол органдарының және шаруашылықтық автомобиль жолдарын иеленушілердің құқын, міндепті мен жаупкершілігін анықтайады.

. Жол органдары - балансында жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары бар ұйымдар.

3. "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республиклер Кабинетінің 1992 жылғы 19 наурыздағы N 260 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 12, 201-бап) бекітілген Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарын саралау жөніндегі ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан автомобиль жолдары жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары және шаруашылық автомобиль жолдары деп бөлінеді. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары езінің халық шаруашылық және әкімшілік маңызына қарай республикалық және жергілікті автомобиль жолдары деп бөлінеді.

4. Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары олардың құрамына енетін барлық ғимараттарымен және жайғастыру элементтерімен (көпірлерімен, құбырларымен, жол пайдалану қызметі үйлерімен, қардан қорғау құрылғыларымен және қоршауларымен, сәулеттік безендірulerімен, қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдарымен, автосервис кешендерімен және т.б.), сондай-ақ жасыл желекті алқаптарымен қоса мемлекеттік меншік болып табылады.

Жалпы пайдаланудағы жолдарды қорғауды Қазақстан Республикасының жол органдары жүзеге асырады.

5. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарындағы қозғалыс осы Ереже мен Жол қозғалысы ережесін сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

## құқықтары мен міндеттері

6. Жолдар мен жол ғимараттарының сақталуын және оларда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көлік құралдарының автомобиль жолдарында жүріп-тұру на жол беріледі.

7. Автомобиль көлігі мен көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен жолда қауіпсіз, әрі іркіліссіз жүріп-тұруын қамтамасыз ету барлық жол пайдаланушылардың, жол органдарының, жол қозғалысын бақылау мен реттеу органдарының міндеті болып табылады.

8. Көлік құралдарының жүргізушілері және автомобиль жолдары мен жол ғимараттарында қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіретін ақауларды байқаған азаматтар оларды өз күштерімен жою жөнінде өздеріне байланысты шараларды қолдануға немесе бұл жайында таяу жердегі жол органына ие Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына дереу хабарлауға тиіс.

9. Көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымды және басқа адамдар, жер қазу немесе құрылым жұмыстарын атқаруышы ұйымдар, кәсіпорындар көлік құралдарының өте жақсы төсөніші бар жолға шыға берісте доңғалақтарды балшықтан тазартуға және оның жүріп-тұру бөлігін ластауына жол берілмеуін қамтамасыз етуге міндетті.

10. Бөлінген тілкемнің шекарасынан тысқары автомобиль жолдары өтетін аумақтағы жер пайдаланушылар:

жалпы пайдаланудағы жолға шығаберіс тұсы мен оларға кіреберіс тұсын техникалық жағынан түзік күйінде ұстауға;

жолда көлік құралдарының жайғастырылмаған кіреберіс және шығаберіс тұсының болу на жол бермеуге;

жолмен жапсарлас қоршаулар мен құрылыштарды түзік күйінде ұстауға;

көру мүмкіндігін қындағып, қозғалыс қауіпсіздігін нашарлататын конструкциялардың, тастардың және басқа материалдардың үйілуіне жол бермеуге;

арамшөпті орып тастауға міндетті.

11. Кәсіпорындардың, мекемелердің, шаруашылықтардың және ұйымдардың лауазымды адамдары, сондай-ақ пайдалануында жолмен шектесетін жер участекелері бар азаматтар үй малдары мен құстардың жолға шығуына жол бермеу шараларын қолдануға міндетті.

12. Жол иесі берген және мемлекеттік автомобиль инспекциясымен келісілген жұмыс атқару құқығы ордері болғандағанда жолда жұмыс жүргізуға жол беріледі.

13. Автомобиль жолдарында жұмыс жүргізлетін жерде қозғалыс тәртібі мен оны ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің

Мемлекеттік автомобиль инспекциясы бөлімшелерімен келісіліп қолданылып жүрген нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады.

14. Жол шегінде немесе бөлінген тілкемде нендей бір жұмыс жүргізетін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жол органдары және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы берген техникалық шарттарды, осы жұмыстарды жүзеге асуру мерзімін сақтауға, жұмыс жүргізілетін аймақтар мен уақытша айналма жолда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге толық жауап береді.

### Автомобиль жолдарын пайдаланушыларға арналған міндетті түрдегі келісулер тізбесі

15. Автокөлік иелері автомобиль жолдарын пайдаланған кезде жол органдарымен, автоинспекция бөлімшелерімен:

аса көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды; жарылғыш, радиоактивті және өте уытты заттарды тасымалдауды; автомобиль жолдары каналдарды, байланыс пен электр желілерін, мұнай газ, су құбырларын және темір жолды қиып өтетінін; темір жол желісінің дөңестігі мен еңкіштігін немесе автомобиль жолын бір деңгейде қиып өтетін жағдайда қосымша жол төсеуді; темір жол өткелдерін қайта құруды жөндеуді және жабуды; киоскілерді, павильондарды немесе өзге де құрылыштарды орналастыруды; жол ақпаратына қатысы жоқ транспаранттар, мандашша жазулар, жарнамалар, плакаттар  
і л у д і ;

сыртқы жарық беру бағаналарын орнатуды; мелиорациялық және басқа мақсат үшін көпірден жоғары немесе төмен қарай 2,5 километрлік қашықтықта өзен мен су ағызы арнасын тереңдетеді; жолмен жапсарлас немесе жердің еңістігіне қарай жолдан биік шлюздерді, плотиналар мен басқа да мелиоративтік және техникалық ғимараттарды салуды, жаңғыртуды,  
жөндеуді;

бұқаралық және спорт шараларын өткізууді; бөлінген тілкемде және онымен шектес жерде үйлер тұрғызууды, дуалдар салуды, карьерлер жасауды; жолаушылардың жалпы пайдаланудағы көлік құралдары маршруттарын ашууды;

жолдан шығаберіс және жүк тиесі мен түсіруге арналған алаңдар жасауды, сондай-ақ ағаш кесуді және оны отырғызууды; жолды және жол ғимараттарын өлшеп, суретке түсіруді келіседі.

16. Егер көлемді, ауыр жүк тиелген, немесе белдікке нормативті мөлшерден

көп салмақ түсетін көлік құралдары донғалақтарының түрлісі бар машиналар мен механизмдердің өтуі салдарынан автомобиль жолдары бұзылса немесе шөгіп кетсе, онда оларды бастапқы қалпына келтіруді жол органдары жүк пен көлік құралдары иелерінен өндіріп алатын ақы есебінен жүргізеді.

17. Министрліктер, ведомстволар мен басқа да занды ұйымдар жобалау тапсырмасын жол органдарымен және шаруашылық жолдары иелерімен келіскеңнен кейін ғана объектілерді жобалап, салуды, сондай-ақ жол бойына қойылатын сәулеттік шағын нысандарды безендіруді жүзеге асыра алады. Соңғыларының автомобиль жолдарын салу, көркейту, көгалдандыру жобасы сақталмай жүзеге асырылып жатқан объектілер құрылышын тоқтата тұруға

құқығы бар .

18. Келешекте жалпы пайдаланудағы жолды салу мен оны жаңғыртуға жағдай жасау, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол маңындағы жер бедерінің бүлінуін болдырмау мақсатында жол органдарымен алдын ала келіспейінше;

жергілікті маңызы бар жолдан кемінде 100 метр қашықтықта; республикалық маңызы бар жолдан кемінде 200 метр қашықтықта елді мекендерді, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік коммуникацияларды және басқа объектілерді жобалау мен салуға тиым салынады.

Осы жол маңындағы тілкемдерде жер участкері жол қызметі мен жол сервисінің үйлері мен ғимараттарын салу үшін ғана бөлінуі мүмкін.

Автомобиль жолдарының бойындағы инженерлік коммуникациялар елді мекендерде топырақ төсемінің шетінен кемінде 25 метр және одан тысқары жерлерде - кемінде 50 метр қашықтықта тартылуға тиіс.

Коммуникацияларды тарту кезінде жолды және жол ғимараттарын қалпына келтіру жөніндегі жұмыс оны орындаушы, ұйымдардың қаржысы мен материалдары есебінен атқарылады. Бұл жұмысты жол ұйымдары немесе инженерлік коммуникацияларды тартумен шұғылданатын ұйымдар орындаиды.

19. Жол органдарынан инженерлік коммуникацияларды тартуға рұқсат алу үшін осы жұмысты атқарушы ұйымдар:

белгіленген тәртіппен әзірленіп, бекітілген жобалық құжаттаманы; тапсырыс берушінің жұмысты қаржыландыру қамтамасыз етілетіні туралы

кеңілдік хатын ;

жұмысты орындаудың күнтізбектік графигін; жолдың бүлінген элементтерін қалпына келтіру туралы міндеттемені немесе жолдың бүлінген участкесін қалпына келтіретін нақты жол ұйымын қаржыландыру туралы кепілдік хатын табыс етуге тиіс.

Егер қалпына келтіру жұмысын жол ұйымы атқаратын болса, онда бұл үшін қажетті қаржы оның есеп айырысу шотына аударылғаннан кейін ғана инженерлік

коммуникацияларды тартуға рұқсат етіледі. Бұл үшін бұлінген жер участесін қалпына келтіру мерзімі көрсетіліп жол тәсемінің, топырақ үйіндісінің, айналма жол мен жол ғимараттарының нақты жай-күйі, алдағы атқарылар жұмыстың сипаты мен көлемі туралы жол ұйымының және тапсырыс беруші ұйымның өкілдері екіжақты акті ресімдейді.

Жұмыс елді мекендермен шектес жерлерде атқарылатын жағдайда тиісті жергілікті әкімнің рұқсаты да қажет.

20. Жол органдары жалпы пайдаланудағы жолда жүргізілетін жұмысты мемавтоинспекциямен келісіп алуға міндетті.

21. Шұғыл түрде авариялық-қалпына келтіру жұмысын жүргізу қажет болған жағдайда бұл жұмыс осы жол қарауында тұратын жол органдарының өкілі мен шаруашылық жолы иесінің қатысуымен атқарылып, берілген рұқсат кейіннен осы Ереженің 19-тармағымен белгіленген тәртіп бойынша ресімделуге тиіс.

Жол органдары өкілі нұсқауының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бөлігі орындалуға міндетті болып табылады.

22. Жолдарда орындалған қалпына келтіру жұмысын жол органдары атқарушы ұйымдардың қатысуымен қабылдайды және екіжақты актімен ресімделеді.

23. Жүк таситын көлік құралдарының белдігіне түсетін салмақтың шегі пұрсатты мөлшерден аспауға тиіс. Бұл салмақтың шегі туралы ақпаратты жол органдары белгілейді. Тасылатын жүктің салмағы бұл мөлшерден асып кеткен жағдайда жол төсөлімін қалпына келтіру шығынын көлік құралдарының иелері Қазақстан Республикасының Көлік құрылышы министрлігі бекіткен нормативтер бойынша өтеше міндетті.

24. Басқа мемлекеттердің көлік құралдарының иелері автомобиль жолындағы аумағына кіргені үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен тариф бойынша жол қорына ақы төлейді. Мұндай ақы төлеу өз аумағына автокөлік құралдарының кіргені үшін осындаі ақы (алым) енгізген мемлекеттерге қолданылады.

Жол органдарының және шаруашылық жолдары иелерінің жолды пайдаланушылар жөніндегі құқықтары мен міндеттері

25. Жолдарды, көпірлерді, жол құбырларын, қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдарын және басқа ғимараттарды пайдалануға жауапты жол органдары мен шаруашылық жолдарының иелері автомобиль жолдарында көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

қолданылып жүрген нормативті құжаттардың талаптарына сәйкес автомобиль

жолдары мен олардағы ғимараттарды түзіп және қозғалыс үшін қауіпсіз етіп күтіп-ұсташа, сондай-ақ осы жолдардағы жүріп-тұру жағдайын жақсартуға қажетті шаралар қолдануға;

қыста жолдар мен ғимараттарды дер кезінде қардан тазартып, төселімінің тайфанақтығын және жолдың ластануын болдырмайтын шараларды қолданып, қозғалысқа қатысушыларға жылыну қостары мен түнемелік орындар беруге;

жолдың авариялық участеклерін шарбақтармен қоршауды, жол белгілерімен, күндіз-түні бірдей жақсы көрінетін басқа да құралдармен қамтамасыз етуге, жолдың жөнделіп жатқан участеклерін айналып өтетін жолдар мен уақытша ғимараттар салуға, оларға қажетті жол белгілерін қоюға және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей етіп ақаусыз ұсташа;

жүргіншілерді метеорологиялық жағдайдың күтіліп отырған қатерлі өзгерістері, сондай-ақ қозғалысты уақытша шектеу немесе дөғару туралы хабардар етудің қажетті шараларын қолдануға;

қолайсыз ауа райы мен тосян құбылыстардың туындауы, немесе жол табанды төселімінің бұзылуы, сондай-ақ құрылым салу-жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қозғалысты шектеуге немесе оған тиым салуға (жол белгілерінің, таңбалардың, ұйымдастырудың арнаулы құралдарының көмегімен ғана шектеу енгізілуі мүмкін), бұл жайында тиісті жергілікті әкімдер мен автомобиль көлігін басқару органдарын дереу хабардар етуге, Жол органдары мен Мемлекеттік автомобиль инспекциясы қозғалысты шектеудің немесе оған тиым салудың қолданылатын мерзімін көрсету, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жол қозғалысына қатысушыларды хабарландыру туралы шешім қабылайды;

жол-көлік оқиғаларының есебін жүргізіп, олардың пайда болу себептері мен жағдайына талдау жасап, тиісінше шаралар қолдануға;

авария, автоапат, тосян құйзеліс жағдайында дәрігерлер келгенше медициналық жәрдем көрсетіп, жол қозғалысына қатысушыларды құтқару шараларын қолдануға;

адамдардың өліміне әкеп соқтырған және материалдық елеулі нұқсан келтірген жол-көлік оқиғаларын тексеруге қатысуга, сондай-ақ, егер жолдың жайы мен күйіне қарай жол-көлік оқиғасы жасалған болса, қызмет бабындағы тессеруді жүргізуға;

көлік құралдарын жүргізушілерге ақылы қызмет көрсету үшін жол бойындағы автосервис пен автокөлік құралдарын жөндеу мекені жүйесін дамыта беруге ықпал етуге міндетті.

26. Темір жол арқылы өтетін өткелдердің автомобиль жолдарымен бір деңгейде ұсталуын, сондай-ақ шлагбаумдардың барлық түрінің болуын және өткелдердің күзетуді темір жол дистанциялары немесе тиісінше темір жол иелері,

ал жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының темір жол арқылы өтетін отпежолын күтіп-ұстауды Қазақстан Республикасы Көлік құрылышы министрлігінің жол органдары жүзеге асырады.

27. Төселимнің жетілдірілген түрлерімен қапталған негізгі жолдар табанының ластануына жол бермеу үшін оларға шығаберіс пен олардан түсеберістің бәрі құмдауыт және құмды топырақ жағдайында 50 метрлік, топырақтың жай түрінде - 100 метрлік, ал қызыршық тас төсеген жолдарда - кемінде 25 метрлік қатқыл табанды төселимі болуға тиіс. Жалпы пайдаланудағы жолдарды қызып өтетін немесе оларға түйісетін кіреберіс пен шығаберіске қатқыл табанды төселим төсеуді осы жолдар қарауында тұрған кәсіпорындар, ұйымдар, шаруашылықтар өздерінің қаржысы есебінен, Қазақстан Республикасы Көлік құрылышы министрлігі жол органдарының техникалық бақылау жасауымен жүзеге асырады.

28. Жол табанының бүлінуі салдарынан жабық немесе жүріп-тұру шектелген жол участекері арқылы шұғыл тасымал оны жасайтын ұйым бүлінген жерді түзеп, жүккөтерімділігін қалпына келтіру шығындарына өтем жасаған жағдайда жол органдарының рұқсат етуімен ғана жүргізіледі.

29. Жол салушы немесе оны жаңғыртушы жол органдары мен шаруашылық жолдарының иелері ескі жол участекерін шектес жер құрамында пайдалануға болатындей күйге келтіруге міндettі.

Автомобиль жолдарын, жол ғимараттарын  
пайдалану ережесін және оларды қорғау  
тәртібін бұзғандық үшін жауаптылық

### 30. Автомобиль жолдарында:

жалпы көлемі, массасы немесе жүкпен не жүксіз белдікке түсегенде салмағы нормадан астам немесе қойылған жол белгісінде көрсетілгеннен көп көлік құралдарын жүргізуғе;

жолды, жол ғимараттарын, қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдарын, желекті алқапты және жолды жайғастырудың басқа заттарын бүлдіруге;

көлік құралдарының, ауыл шаруашылық және басқа техниканың белгі қойылып, жабдықталмаған жерде жолға шығуы мен одан түсуіне және олар арқылы өтуіне;

барлық көлік құралдарының айырым тілкеміне шығып, онда аялдауына; рұқсат етілмеген жолда жаттығу жүрісін жасауға;

шынжыр табанды көліктің, доңғалақтарында шығыңқы бедерлері: түрпілері, тікенді сымдары, шынжырлары, т. б. бар мәшинелер мен механизмдердің жүріп

ө т у і н е ;

жанар-жағар материалдардың төгілуі ықтимал жұмыстарды орындауға, көлік құралдарын жөндеп, майлауға, оларды тазартып, жууға (осы жұмыстар қажет болуына қарай арнайы жабдықталған жерлерде, ал айрықша жағдайларды жол жиегінде жасалып, соның өзінде көлік құралдарының жүргізушілері немесе олардың иелері қалған қоқысты, материалдарды және басқа заттарды жинап а л у ғ а

т и і с ) ;

жолдың жүріп-тұру бөлігін, жиегін, көпірлерді, трубаларды, арықтарды, дренаждық және суағызар құрылғылар мен бөлінген тілкемдерді құрылыс материалдарымен, ауыл шаруашылық өнімдерімен және басқа заттармен ластауға, сондай-ақ тиісінше оралып, қапталмаған, жолға және бөлінген тілкемге шашылатын жүктөрді тасуға, жолдың жүріп-тұру бөлігінде жүк тиеп, түсіруге;

арнайы бөлінгеннен тысқары жерлерде, сондай-ақ түнде және бұлыштырау көрінетін жағдайда малды жолды қып айдал өтуге, өте жетілдірілген төселімді жолмен мал айдауға және оны тілкемдерде жайып-бағуға;

жолдың бөлінген тілкемдері шегінде демалыс лагерьлерін, шатырлық және басқа қалашықтарды орналастыруға, белгі қойылмаған жерлерде с а у ғ а

ж а с а у ғ а ;

автомобиль жолдарының жүріп-тұру бөлігі мен көпірлерде, сейілдеуге, көпірлерде, көпір таяныштары мен мұз кескіштерден 50 метр қашықтықта кір жууға , б а л ы қ а у л а у ғ а ;

көпірлер астына қайық стансаларын орналастыруға, қайықтар мен плоттарды көпір т а я н ы ш т а р ы н а б айлауға ;

ағаш көпірлер мен ағаш төселген көпірлерде шылым шегуге, бөлінген тілкемде және ағаш көпірлерден 100 метрге дейін жерде от жағуға;

жолдың бөлінген тілкемінде өрттен сақтану талабын сақтамай тез тұтынатын және жанар материалдарды (жалпы қоюға рұқсат болғанымен) үйіп қоюға;

құрғақ ш е п т і ө р т е у ғ е ;

сым үзілетін жағдайда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін сақтандыру құрылғыларының автомобиль жолдарының жоғары вольтті электр желілерін қ и ы ғ а

ө т у і н е ;

топырақ төсемінің, сондай-ақ көпірлер мен жол құбырлары астында нендей бір коммуникациялар (мұнай, су, газ құбырларын, канализация және т. б.) т а р т у ғ а ;

автомобиль жолдарын судың басып кетуіне, бөлінген тілкемнің батпақтануына әкеліп соқтыратын сортаң жерлерді шаюға, жол жиегіндегі жыраларды суландырғыш ретінде пайдалануға, ауыл шаруашылық дақылдарын с у а р у ғ а ;

канализациялық, өнеркәсіптік, мелиоративтік және сарқынды суды су

бұрғыш ғимараттар мен резервтегі орынға ағызуға;  
көпірлердің жоғары және төменгі жағында кемінде 2,5 метр қашықтықта құм  
мен қырышық тас қазу үшін карьерлік жұмыстар жасауға, өзендер мен субұрғыш  
арналарын тереңдектүге;

куоветтің сыртқы жиегіне, шұқыр шетіне немесе төсем табанына бір метр  
тақау жерді жыртуға;

шлюздер, плотиналар мен басқа да мелиоративтік және гидротехникалық  
ғимараттар салуға тыйым салынады.

31. Жол органдары кінәсынан осы Ережелердің талаптарын бұзғандық үшін  
оның қызметкерлері заңмен белгіленген материалдық, әкімшілік және  
қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

32. Жол иелері табыс еткен актілер негізінде осы Ережелердің бұзғандық үшін  
лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарымен  
белгіленген тәртіппен жауап береді.

Автомобиль жолдарын пайдалану Ережесін бұзған кәсіпорындар мен  
азаматтар айыппұлды төлегеніне қарамастан жол органдарына келтірілген  
шығынды толық өтейді.

33. Жол қозғалысына қатысушылар мен автокөлік құралдарына жол  
органдары кінәсінен материалдық нұқсан келтірілген жағдайда жол органдары  
оны қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өтеуге міндettі.

34. Жол шегінде және оған бөлінген тілкемде жұмыс жасаушы кәсіпорындар  
мен азаматтар жол органдарымен және мемлекеттік автомобиль инспекциясы  
органдарымен келісілген технология мен жұмыс мерзімін сақтамағаны,  
сондай-ақ жұмыс жүргізіліп жатқан аймақта, сонымен бірге жолдан уақытша  
шығаберістер мен айналма жолдарда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етпегені  
үшін заңмен белгіленген тәртіппен жауап береді.

35. Автомобиль жолымен жанасатын немесе оны қызып өтетін құрылышты өз  
бетімен салуға, жолды және оның ғимараттарының жайғастырылуын бұлдіруге,  
сондай-ақ өз бетімен жұмыс жасауға, ғимараттар салып, орнатуға жол берген  
кәсіпорындар, үйымдар, мекемелер мен азаматтар жол шаруашылығына  
келтірілген материалдық нұқсанды қолданылып жүрген заңда белгіленген  
тәртіппен төлейді. Сонымен қатар жол органдарының талап етуі және олар  
белгілеген тәртіп бойынша кәсіпорындар, үйымдар, мекемелер мен азаматтар  
өздері тұрғызған ғимараттарды өз күштерімен әрі өздерінің қаражаты есебінен  
бұзып, жер участкесін ретке келтіруге міндettі.

Келтірілген нұқсанды өтеу мақсатымен осы тармаққа сәйкес өндіріп алынған  
ақшалай қаражат жол органдарының есепшотына аударылады және автомобиль  
жолдары мен ғимараттарын жөнде, қалпына келтіруге пайдаланылады.  
Автомобиль жолының бөлінген тілкемінде ағаш кесіп, жасыл желекті алқапты

закымдауға кінәлілер қолданылып жүрген заңға сәйкес жауап береді.

36. Осы Ережелердің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы  
Көлік құрылышы министрлігінің жол органдары мен Ішкі істер министрлігінің  
органдарына

жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК